



ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

ӨҢІРДЕ ЕТ, СҮТ ЖӘНЕ ЖҰМЫРТҚА ӨНДІРІСІ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында ауыл шаруашылығы саласында ауыл және мал шаруашылығы өнім өндірісін жолға қоюды тапсырған болатын. Бұл талаптың үдесінен қазіргі таңда аудан шаруалары шығып отыр. Бүгінде ауданда екі тауарлы сүт фермасының құрылыс жұмыстары жүзеге асырылуда. Оның бірі Өрнек, екіншісі Көлқайнар ауылдық округтерінде инвесторлардың күшімен атқарылуда. Осы жобалар жүзеге асырылған сәтте 50 адамды жұмыспен қамту жоспарланса, оның 30-ы тұрақты жұмыс орындары болмақ.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының айтуынша, ауданда ауыл шаруашылығында өндірілген жалпы өнімнің 50 пайыздан астамы мал шаруашылығы саласына тиесілі. Мемлекеттік қолдаулардың нәтижесінде ауданда ет, сүт



және жұмыртқа өндірісі жаксы дамып келеді. – Бүгінгі күні Өрнек пен Көлқайнар ауылдық округтеріндегі тауарлы сүт фермаларының құрылыс жұмыстарымен арнайы барып таныстым.

Өзірге біреуінің құрылыс жұмысы уақытша тоқтап тұр. Ал бұл фермалар іске қосылған сәтте сауын сиырлар қатары 1012 басқа көбейіп, сүт өндірісі артады деген сенімдемін, – дейді өңір басшысы.

→ 2

ҚАРБАЛАС

ҚАР ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Сәрсенбі күні басталған ақ ұлпа қар тұрғындарды әжептеуір әуреке салып жатыр. Осы орайда аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі аудан аумағындағы автокөлік және жаяу жүргіншілер жолдарында төтенше жағдайлар туындамас үшін тазалық жұмыстарын ұйымдастыруда.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Негізі қыс мезгілінде аудан аумағындағы жолдарды қардан тазалау және тайғаққа қарсы инерттік материалдарын себу жұмыстарын «Бағлан» жеке кәсіпкерлігі жүргізеді. Екі күнде аудандық маңызы бар 33 жол қардан тазаланып, тайғаққа қарсы инерттік материалдар себілді. Жалпы қардан тазаланған 171 шақырым жолға 60 тонна тайғаққа қарсы инерттік материал жұмсалды. Бұл жұмыстарға 2 Камаз, 1 МТЗ-82 тракторы, 1 автогрейдер жұмылдырылды.

Сондай-ақ аудан аумағындағы 31 елді



мекендегі көшелерде қар тазалау жұмыстары ауылдық округтердегі шаруашылықтардың күштерімен жүргізілді.

Дегенмен, екі күн бойы қардың толассыз,

мөлшерден көп жаууына байланысты, бір мезетте барлық көшені қардан тазарту қиындық тудырды. Аудан тұрғындары бұл жағдайға түсіністікпен қарағаны абзал.

15 АҚПАН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ

ЕРЛІК – ЖАН ДҮНИЕНІҢ ҰЛЫ ҚАСИЕТІ

Қазақ ұлты өз тарихында көптеген қиындықты бастан кешті, аяусыз шабуылға ұшырады, талай азапты көрді. Соның ішінде зардабы ауыр Ауған соғысының жарасы әлі күнге дейін жазылған жоқ. 1979 жылдың 25 желтоқсанынан 1989 жылдың 15 ақпанына дейінгі 9 жыл 1 ай 19 күнге созылған ауыр кезеңде кеңестік 620 мыңға жуық адам соғысқа жіберілсе, оның 22 мыңы қазақстандық әскери болды. Жарақат пен аурудан қаза тапқан 15526 адамның 924-і хабар-ошарсыз кеткен және тұтқынға түскен 333 адамның 21-і қазақстандық. Қазақ даласынан аттанған әскери қызметкерлердің ішінде бірқатары Батыр атанды.

→ 2



Дүйсембек ҚАРАШОЛАҚОВ, аудандық Ауған соғысы ардагерлері кеңесінің төрағасы.

1979-1989



2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы: «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.

3. Осы Жарлық пен Конституцияның жобасы 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.

4. Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда,
2026 жылғы 11 ақпан №1170

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР

Қоғамдық өмірдің рухани бастауы

Өнер – халықтың жаны. Мәдениет – халықтың келбеті. Екеуі де халықтың жан дүниесін бейнелейтін, оның ішкі рухын танытатын күш. Ал, шығармашылық – халықтың болашаққа қарай құлаш сермейтін қанаты. Адамзат тарихында ұлттың құлдырауы да, қайта өркендеуі де алдымен осы рухани әлемге тікелей байланысты болған. Өйткені, өнері өшкен халықтың рухы да сөніп, мәдениеті жадағай тартқан жұрттың болмысы да жұтаңдайды.



Мәдениет пен өнер – қоғамның айнасы, елдің рухани мұрасы, асыл қазынасы. Өйткені өркениетке қол созған еліміз үшін экономикалық өсіммен қатар елдің рухани бай құндылықтарын да дамыту мәселесі мықтап қолға алынды. Заманауи мәдениет ошақтары салынып, ел игілігіне беріліп, түрлі бағдарлама негізінде елдің мәдени білімін тереңдету, ең бастысы, ел дамуы үшін мәдениеттің де озық деңгейде дамуы жан-жақты қарастырылды.

Өнер мен мәдениет – егіз ұғым. Осы орайда, қасиетті Жамбыл жерінде де мәдениет пен өнерді дамыту бағытында атқарылып жатқан игі істер – ұлттық дәстүрді дамыту, өнер мен мәдениеттің өмірмен өзектестігін бағамдау, өнерді өнеге тұтқан елдің рухани дүниесін байыту мақсаттарын көздейді. Бұл ретте, Жамбыл ауданы бойынша жалпы саны 15 мемлекеттік клуб бар. Оның 13-і типтік, 2-еуі ыңғайласқан мәдениет ошағы. Яғни 1 аудандық, 4 ауылдық мәдениет үйі, 10 ауылдық клуб халыққа қызмет етеді. Барлық штат саны – 161. Оның ішінде: шығармашылық қызметкерлер саны – 80, кіші қызметкерлер саны – 81.

→ 4

Соңы. Басы 1-бетте

ӨҢІРДЕ ЕТ, СҮТ ЖӘНЕ ЖҰМЫРТҚА ӨНДІРІСІ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Бұл жобалардың өнір экономикасына өз септігін тигізері анық. Дегенмен бүгінде асыраушы сала экономиканың негізгі драйверлерінің біріне айналып, табиғаты мал шаруашылығына қолайлы өңірде ауыл шаруашылығы саласы жыл санап алға озып келеді. Осы орайда, суармалы алқаптардың аумағын арттыру, заманауи ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу, асыл тұқымды мал санын арттыру, ақылды фермалар мен цифрландырылған өндіріс орындарын ашуға күш жұмсалуда.

– Халқымызда «Мал баққанға бітеді» деген жаксы сөз бар. Шындап келгенде малдың жайын табу, көктемде көктеуге, жазда жайлауға, күзде күзеуге, қыста қыстауға көшіріп, бабын жасау қиынның қиыны. Өйтпесең, бір орында, ай тақырда тұрып мал қоң жинамайды. Малға да бап керек. Бабын тапсан ғана табыс болады. Қазір аудан шаруашылықтары малды қыстауларда ұстап, жайлы қыстатуда. Ал тауарлы сүт және ет бағытында жұмыс

істейтін фермаларда да жұмыс қалыпты. Мәселен, Өрнек ауылында «Момбеков» шаруа қожалығының тауарлы сүт фермасының жобалық құны 2,9 миллиард теңгені құрайды. Бірақ оның құрылыс жұмысы уақытша тоқтап тұр. Ал Көлқайнар ауылдық округінде «AzNur Agro» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі салып жатқан жобаның құны – 1,35 миллиард теңге. Бұл нысандарды биыл пайдалануға беру жоспарлануда, – дейді Ерлан Қыдыралыұлы.

Өрнек ауылындағы тауарлы сүт фермасының сыйымдылығы 621 басқа арналған. «Момбеков» шаруа қожалығының жетекшісі Құлпаршын Сатибаеваның айтуынша, бүгінгі күні ферма құрылысының жұмысы уақытша тоқтап тұр. Қаржылық және басқа мәселелер шешімін тапса, нысан құрылысын қайта жалғастыру жоспарлануда. Ал Көлқайнар ауылдық округінде «AzNur Agro» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі 400 басқа арналған тауарлы сүт



фермасын салуда. Кооператив төрағасы Азат Сатановтың айтуынша, нысанның құрылыс жұмыстарын «Тұлпар Строй Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізуде.

– Бүгінгі күні еліміздегі шағын және орта кәсіпті дамытуға барынша қолдау көрсетіп отыр. Сол қолдауды өзіміз де сезініп, кәсібімізді дөңгелетіп келеміз.

Біздің ұстанған жолымыз – ата-бабадан жалғасып келе жатқан мал шаруашылығы. Бұл елімізде қабылданған «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында мүмкін болуда. Бүгінде мал басын көбейтіп, ет және сүт бағытында жұмыс істеуді мақсат етіп, ниеттеніп отырмыз, – дейді кооператив төрағасы.

Соңы. Басы 1-бетте

ЕРЛІК – ЖАН ДҮНИЕНІҢ ҰЛЫ ҚАСИЕТІ

Жат жерде қасірет пен қасқойлықтың үлгісі ретінде жүректерге өшпес жара салды. Жауынгерлердің денсаулығы мен жүйкесіне орасан нұқсан келтірді. Мүгедектер арбасына таңылғандар да аз емес. Қақтығыста оқ тиіп жараланғандар, қайтыс болғандар да жетерлік. Таулы аймақтағы соғыстан туған еліне аман-сау оралып, батырлықтың үлгісін көрсеткен жандар бүгінде аға буын өкілдеріне айналды. Қазір Ауған соғысы ардагерлерінің алды 70 жасты бағындырса, арты 60-ты алқымдады. Олар үшін соғыс аяқталғанымен, оның жан-жарасы жанын да, тәнін де сыздатады.

Ерлік – жан дүниенің ұлы қасиеті. Жастық

шағының екі жылын оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангерлеріміз еліміздің гүлденуіне өз үлесін қосып келеді. Сонау Ауған жерінде қару асынып мұң арқалаған, сын сағаттарда бірін-бірі бауыр дескен қазақ жігіттерінің айбыны әрқашан асқақ еді. Қазақ жауынгерлерінің ерліктерін қатарда жүрген өзге халықтар мойындады. Өйткені, қазақ жігіттері алдыңғы шепте жүрді.

Белгісіз соғысқа Жамбыл облысынан 2 мыңға жуық азамат қатысқан. Солардың ішінде, біздің өңірден Ауған жеріне 120-дан астам азамат аттанған. 6 жауынгеріміз жат

жерде қаза тапқан. Бүгінде 32 ардагеріміз арамызда жүр.

Ауған жерінде жауынгерлеріміз ұлтына, нәсіліне және сеніміне қарамай, Отан алдындағы бұйрықты орындауда рухани бірлік көрсете білді. Бірі үшін бірі жан қиды. Бұл ретте, ерлік пен қайсарлық, адамның бойындағы басқа да қасиеттер сынға түскен сәтте қазақ ұландары ерекше көзге түскенін де айта кеткен ләзім. Боздақтардың көз жасымен жазылған тарих ұмытылмайды. Ерлік өлмейді, ел есінде сақталады. Ауған соғысының ардагерлері ұрыста қаза тапқан қаруластарын жүректерінде мәңгі сақтайды.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2026 жылғы 12 ақпан

№117

Аса ауылы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 84, 85-баптары, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-тарауы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31, 37-баптары негізінде және Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Ә.Ғ.Тамабектің төрағалығымен өткен 2025 жылғы 3 желтоқсандағы аппараттық кеңестің №25 хаттамасының 9-тармағына сәйкес Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданы аумағынан кіші өндірістік аймақ құру үшін Көлқайнар ауылдық округі Тастөбе ауылы аумағынан Тамабаев Ерлан Қалдарбекулына шаруа қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы 2050 жылдың 24 қаңтарына дейін берілген көлемі 57,3544 гектар, оның ішінде көлемі 50,0 гектар суармалы егістік, 7,3544 гектар жайылымдық (кадастрлық нөмері 06-088-025-742) жер учаскесінің бір бөлігі көлемі 29,29 гектар суармалы егістік

жерін мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты, жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары басталсын.

2. Мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты, жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың келісім рәсімдерін жүзеге асыруға және жер пайдаланушының жүгінетін орны «Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мекенжайы Аса ауылы, Абай көшесі №127, байланыс телефоны 8 (72633) 2-22-69 деп көрсетілсін.

3. Жер пайдаланушымен келіссөзді немесе жер учаскесін сатып алу бойынша келісімшартты жүргізу, жер учаскесінің орнына тең бағалы жер учаскесін беру туралы және бағалау бойынша іс-шараларын ұйымдастыру мен жер учаскесін сатып алу туралы келісімшартындағы көрсетілген қаражаттарды уақтылы аудару «Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (У.Асылбеков) тапсырылсын.

4. Жер учаскесі мемлекет мұқтажы

үшін алып қойылатын жер пайдаланушы осы қаулымен келіспеген жағдайда, хабарлама алған кезден бастап үш ай өткеннен кейін, (қаулыда айқындалған мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру мерзімінен) кешіктірмей жергілікті атқарушы органға жер учаскесін мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

5. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні осы қаулының ресми жариялау күнінен үш айдан кейін іске асады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Мухашевке жүктелсін.

Жамбыл ауданы әкімінің міндетін уақытша атқарушы Н.НЕСИПБЕКОВ.

Жобаны енгізуші: Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы У.Асылбеков

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Мүгедектігі бар адамдардың қажетін өтеу мақсатында

Мүгедектігі бар адамдарды ортопедиялық аяқ киіммен, ортопедиялық аяқ киімге арналған құрылғымен қамтамасыз ету тәртібі

Протездік-ортопедиялық көмек қызметтерін беруші (ПК беруші) протездік-ортопедиялық құралдарды дайындау үшін өлшеу жүргізе отырып, тапсырыстар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Стационарлық протездеуге шақыру алдын ала жіберіледі. Бастапқы стационарлық протездеу жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, қайта стационарлық протездеу жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады. Өтініш берушінің қалауы бойынша тапсырыстар үйде қабылданады. Жолшығындары өтініш берушінің қаражаты есебінен төленеді.

4. Протездеуге келген алушылар ПК берушіге:

- 1) жолдама-емдеуші дәрігердің ұсынымын, бастапқы протездеу кезіндегі ауру тарихынан үзіндіні;
- 2) алғашқы протездеу кезіндегі рентген суреттерді;
- 3) мүгедектің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын;
- 4) кеуде клеткасын флюорографиялық тексеру нәтижелері туралы дәрігердің қорытындысын ұсынады.

ПК беруші протездік-ортопедиялық көмек көрсету кезінде осы Қағидаларға 9-қо-

сымшаға сәйкес нысан бойынша протездік-ортопедиялық бұйымдарға протездеу картасын ашады. Протездеу картасы тұрақты, тапсырыс бланкісі 5 жыл сақталады.

Міндетті түрде өлшеп көруді талап ететін дайын протездік-ортопедиялық құрал алушының жеке өзіне беріледі. Өлшеп көру талап етілмейтін жағдайларда алуға сенімхат болған кезде басқа адамға құралды беруге жол беріледі немесе ол мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен алушының тұрғылықты жері бойынша жіберіледі.

Күрделі протездік-ортопедиялық құралдар кезектілік тәртібімен тапсырыстар өндіріске тапсырылған күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын, ұсақ протездік-ортопедиялық құралдар жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде дайындалады.

Протездік-ортопедиялық көмек көрсетуге алушылардың жол жүруіне ақы төлеу, шығыстары тек бір жол жүргені үшін өтелетін ұсақ протездік-ортопедиялық құралдарды алушыларды қоспағанда, жылына кемінде екі жол жүргені үшін жүргізіледі. Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға немесе мүгедектігі бар балаларға ілесіп жүрушілерге протездік-ортопедиялық көмек көрсетуге бір ғана жол жүру шығыстары өтеледі.

Протездермен қамтамасыз ету тәртібі

Бастапқы протездеу кезінде медициналық көрсеткіштер бойынша оқу-жаттығу ретінде пайдаланылатын қазіргі заманғы технология бойынша протездер алты ай өткеннен кейін жөндеуге жатады.

Төменгі аяқ протездерін беру кезінде әрбір протезге жыл сайын үш ыстан беріледі.

Кеуде безінің протездері екі іш киіммен беріледі.

Шина-былғары, құрама протездер, ортопедиялық аппараттар, таторлар олар жарамсыз болып қалғаннан кейін, бірақ протездік-ортопедиялық құралдарды, техникалық көмекші құралдарды, арнаулы жүріп-түру құралдарын ауыстыру мерзімдері өткеннен кейін ауыстырылады.

Егер тағып жүру мерзімі өткеннен кейін протез жарамды күйде болса және алушы жана

протезге тапсырыс бергісі келмесе, оған тыстар беріледі.

Протездерді, оның ішінде жаңа модельдерді мерзімінен бұрын ауыстыру, сондай-ақ кню мерзімін ұзарту, жөндеу туралы, электрондық модульдері бар жаңа технологиялар бойынша дайындалған құрама протездерге қошу туралы шешімді ТП-ны жеткізуші қабылдайды және облыстардың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен алдын ала келісе отырып, ПК беруші жасайтын тиісті актінің негізінде жүргізіледі.

ПК беруші оның кінәсі бойынша сапасыз дайындау фактісін анықтаған кезде, ақауды жою ПК берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ортопедиялық аяқ киіммен қамтамасыз ету тәртібі

Алушылар күрделі және асқынбаған ортопедиялық аяқкиіммен қамтамасыз етіледі.

Күрделі ортопедиялық аяқ киім, оның ішінде қосымша салма келіс (етік) аякты 3 сантиметрге және одан да жоғары қысқартқан кезде, паралитикалық, варустық, двиноварустық, вальгустық, жазық вальгустық және қуыс табандар, маймақтық, піл сүйегі, Шопар, Лисфранк және Пирогов бойынша табандардың ампутиациялық тұқылдары кезінде дайындалады.

Асқынбаған ортопедиялық аяқ киім аякты 3 см-ге дейін қысқартқан кезде, метатарсальды сүйектердің бастарын үлкейту кезінде, бойлық және көлденең жалпақ аяқтар, балға тәрізді саусақтар, өкше сүйегінің шоғырлары және аяқтың басқа патологиясы кезінде жасалады.

Күрделі ортопедиялық аяқ киім (етіктен басқасы): 1) ҰОС қатысушыларына, ҰОС мүгедектігі бар адамдарына, сондай-ақ ҰОС мүгедектігі бар адамдарына

тенестірілген адамдарға екі жұп (жазғы немесе қысқы);

2) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға бір жұп (жазғы немесе қысқы);

3) мүгедектігі бар балаларға – екі жұп (жазғы және қысқы) беріледі.

Үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар күрделі ортопедиялық аяқкиіммен мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген құнының немесе кепілдік берілген соманың 50 пайызын өз қаражаты есебінен дербес төлей отырып қамтамасыз етіледі.

Мүгедектігі бар адамдарға ортопедиялық аяқкиімнің орнына олардың қалауы бойынша өз қаражаты есебінен етік дайындалады. Бұл жағдайда алушыға ортопедиялық аяқкиіммен қамтамасыз етуге көзделген сомада етіктің құнына жеңілдік беріледі.

Алушының протездік-ортопедиялық аяқкиімін жөндеу оның өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

Аппараттарға (протездерге) аяқ киіммен қамтамасыз ету тәртібі

ҰОС қатысушылары, ҰОС мүгедектігі бар адамдары, сондай-ақ ҰОС мүгедектігі бар адамдарына тенестірілген адамдар аппараттарға (протездерге) бір жұп аяқкиіммен, мүгедектігі бар балалар екі жұп аяқкиіммен (жазғы және қысқы) қамтамасыз етіледі.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар аппараттарға (протездерге) арналған бір жұп аяқкиіммен мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген құнының немесе кепілдік берілген соманың 50 пайызын өз қаражаты есебінен дербес төлей отырып қамтамасыз етіледі.

Үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға

аппараттарға (протездерге) арналған аяқкиім олардың өз қаражаты есебінен дайындалады.

Мүгедектігі бар адамдарға аяқкиімінің орнына аппараттарға (протездерге) қалауы бойынша өз қаражаты есебінен етік дайындалады. Бұл жағдайда алушыға аппараттарға (протездерге) аяқкиіммен қамтамасыз етуге көзделген сомада етіктің құнына жеңілдік беріледі.

Марал МОЛДАБЕКОВА,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Жамбыл облысы бойынша департаментінің 1 МӘС бөлімінің басшысы.

№	Дақылдар атауы	Егу тәсілі	Себу мерзімдері
1	Күздік бидай	тұқыммен	20.09-10.10 аралығы (жазық аймақтарда), 01.09-20.09 аралығы (таулы аймақтарда)
2	Жаздық арпа	тұқыммен	11.03-10.04 аралығы (жазық аймақтарда) 01.04-20.04 аралығы (таулы аймақтарда)
3	Дәндік жүгері	тұқыммен	21.04-10.05 аралығы
4	Мақсары	тұқыммен	21.03-10.04 аралығы
5	Құнбағыс	тұқыммен	21.04-10.05 аралығы
6	Қант қызылшасы	тұқыммен	11.04-10.05 аралығы
7	Көпжылдық шөптер	тұқыммен	11.03-10.04 аралығы
8	Картоп	тұқыммен	15.04-10.05 аралығы
9	Басты пияз	тұқыммен	25.03-10.04 аралығы
10	Сәбіз	тұқыммен	25.03-10.04 аралығы (жаздық өнімге) 15.05-10.06 аралығы (қысқы сақтауға)
11	Асханалық қызылша	тұқыммен	10.04-10.05 аралығы
12	Қырыққабат	көшетпен	01.04-15.04 аралығы (ерте пісетін)
		көшетпен	01.05-15.05 аралығы (орта пісетін)
		көшетпен	05.05-20.05 аралығы (кеш пісетін)

13	Қияр, кәді (кабачок)	тұқыммен	05.05-20.05 аралығы
14	Қызанақ	тұқыммен	25.02-15.03 аралығы (көшет өсіру үшін)
		көшетпен	05.05-20.05 аралығы
15	Баялды (баклажан)	тұқыммен	25.02-15.03 аралығы (көшет өсіру үшін)
		көшетпен	10.05-25.05 аралығы
16	Тәтті бұрыш	тұқыммен	25.02-15.03 аралығы (көшет өсіру үшін)
		көшетпен	10.05-25.05 аралығы
17	Қарбыз	тұқыммен	10.05-25.05 аралығы
18	Қауын	тұқыммен	10.05-25.05 аралығы
19	Асқабақ	тұқыммен	10.05-25.05 аралығы
20	Сарымсақ (чеснок)	тұқыммен	10.09-10.10 аралығы
21	Соя, фасоль, маш, бұршақ (горох)	тұқыммен	01.05-10.05 аралығы

ЕСКЕРПЕ: Жоғарыда көрсетілген себу мерзімдері ауа райының құбылмалы болуына байланысты 10-15 күнге ауытқуы мүмкін.

Аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі.

Решение Жамбылского районного маслихата

29 января 2026 года

№51-2

село Аса

О внесении изменений в решение Жамбылского районного маслихата от 22 декабря 2025 года №49-2 «О районном бюджете на 2026-2028 годы»

РЕШИЛ:
1. Внести в решение Жамбылского районного маслихата «О районном бюджете на 2026-2028 годы» от 22 декабря 2025 года №49-2 (зарегистрировано в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №219265) следующие изменения:
Пункт 1 изложить в новой редакции:
1. «Утвердить районный бюджет на 2026-

2028 годы согласно приложениям 1, 2, 3 в том числе на 2026 год в следующих объемах:
1) доходы – 8125289 тысяч тенге;
налоговые поступления – 6127513 тысяч тенге;
неналоговые поступления – 11666 тысяч тенге;
поступления от продажи основного капитала – 477900 тысяч тенге;
поступления трансфертов – 1508210

тысяч тенге;
2) затраты – 8794246 тысяч тенге;
3) чистое бюджетное кредитование – 61071 тысяч тенге;
бюджетные кредиты – 99475 тысяч тенге;
погашение бюджетных кредитов – 38404 тысяч тенге;
4) сальдо по операциям с финансовыми активами – 0 тысяч тенге;
приобретение финансовых активов – 0

тысяч тенге;
поступления от продажи финансовых активов государства – 0 тысяч тенге;
5) дефицит бюджета (профицит) – -61914 тысяч тенге;
6) финансирование дефицита бюджета (использование профицита) – 730028 тысяч тенге;
поступления займов – 99475 тысяч тенге;
погашение займов – 37561 тысяч тенге;

используемые остатки бюджетных средств – 668114 тысяч тенге.
Приложение 1 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению».
2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года.

Председатель Жамбылского районного маслихата М. ШАЙДАЕВ

Приложение к решению №51-2 Жамбылского районного маслихата от 29 января 2026 года

Бюджет Жамбылского района на 2026 год

Категория	Класс	сумма, тысяч тенге
	Подкласс	
	Наименование	
	1. ДОХОДЫ	8125289
	НАЛОГОВЫЕ ПОСТУПЛЕНИЯ	6127513
01	Подходный налог	2739000
	1 Корпоративный подходный налог с юридических лиц, за исключением поступлений от организаций нефтяного сектора	1020000
	2 Индивидуальный подходный налог	1719000
03	Социальный налог	670000
	1 Социальный налог	670000
04	Налоги на собственность	1100000
	1 Налоги на имущество	1100000
05	Внутренние налоги на товары, работы и услуги	1578313
	2 Акцизы	1556613
	3 Поступления за использование природных и других ресурсов	14600
	4 Сборы за ведение предпринимательской и профессиональной деятельности	7100
07	Прочие налоги	1200
	1 Прочие налоги	1200
08	Обязательные платежи, взимаемые за совершение юридически значимых действий и (или) выдачу документов уполномоченными на то государственными органами или должностными лицами	39000
	1 Государственная пошлина	39000
2	НЕНАЛОГОВЫЕ ПОСТУПЛЕНИЯ	11666
01	Доходы от государственной собственности	7300
	5 Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности	7300
02	Поступления от реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета	360
	1 Поступления от реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета	360
03	Поступления денег от проведения государственных закупок, организуемых государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета	360
	1 Поступления денег от проведения государственных закупок, организуемых государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета	360
04	Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета, а также содержащимися и финансируемыми из бюджета (сметы расходов) Национального Банка Республики Казахстан	146
	1 Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета, а также содержащимися и финансируемыми из бюджета (сметы расходов) Национального Банка Республики Казахстан, за исключением поступлений от организаций нефтяного сектора и во внебюджетные фонды	146
06	Прочие неналоговые поступления	3500
	1 Прочие неналоговые поступления	3500
3	Поступления от продажи основного капитала	477900
01	Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями	2900
	1 Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями	2900
03	Продажа земли и нематериальных активов	475000
	1 Продажа земли	237000
	2 Продажа нематериальных активов	238000
5	ПОСТУПЛЕНИЯ ТРАНСФЕРТОВ	1508210
02	Трансферты из вышестоящих органов государственного управления	1508210
	2 Трансферты из областного бюджета	1508210

Функциональная группа	2026 год, сумма, тысяч тенге
Администратор бюджетных программ	
Программа	Наименование
	2. Затраты
01	Государственные услуги общего характера
	Аппарат маслихата района (города областного значения)
	001 Услуги по обеспечению деятельности маслихата района (города областного значения)
	003 Капитальные расходы государственного органа
122	Аппарат акима района (города областного значения)
	001 Услуги по обеспечению деятельности акима района (города областного значения)
	003 Капитальные расходы государственного органа
452	Отдел финансов района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики в области исполнения бюджета района и управления коммунальной собственностью района (города областного значения)
	003 Проведение оценки имущества в целях налогообложения
010	Приватизация, управление коммунальным имуществом, постприватизационная деятельность и регулирование споров, связанных с этим
	113 Целевые текущие трансферты из местных бюджетов
453	Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики в области формирования и развития экономической политики, системы государственного планирования
	004 Капитальные расходы государственного органа
458	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог
	013 Капитальные расходы государственного органа
	113 Целевые текущие трансферты из местных бюджетов
466	Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района (города областного значения)
	040 Развитие объектов государственных органов
494	Отдел предпринимательства и промышленности района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области развития предпринимательства, промышленности и туризма
02	Оборона
	122 Аппарат акима района (города областного значения)
005	Мероприятия в рамках исполнения всеобщей воинской обязанности
	006 Предупреждение и ликвидация чрезвычайных ситуаций масштаба района (города областного значения)

	007 Мероприятия по профилактике и тушению степных пожаров районного (городского) масштаба, а также пожаров в населенных пунктах, в которых не созданы органы государственной противопожарной службы
03	Общественный порядок, безопасность, правовая, судебная, уголовно-исполнительная деятельность
458	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)
	021 Обеспечение безопасности дорожного движения в населенных пунктах
06	Социальная помощь и социальное обеспечение
451	Отдел занятости и социальных программ района (города областного значения)
	005 Государственная адресная социальная помощь
451	Отдел занятости и социальных программ района (города областного значения)
	004 Оказание социальной помощи на приобретение топлива специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и ветеринарии в сельской местности в соответствии с законодательством Республики Казахстан
	006 Оказание жилищной помощи
	007 Социальная помощь отдельным категориям нуждающихся граждан по решениям местных представительных органов
	010 Материальное обеспечение детей с инвалидностью, воспитывающихся и обучающихся на дому
	014 Оказание социальной помощи нуждающимся гражданам на дому
	017 Обеспечение нуждающихся лиц с инвалидностью протезно-ортопедическими, сурдотехническими и тифлотехническими средствами, специальными средствами передвижения, обязательными гигиеническими средствами, а также предоставление услуг санаторно-курортного лечения, специалиста жестового языка, индивидуальных помощников в соответствии с индивидуальной программой абилитации и реабилитации лица с инвалидностью
451	Отдел занятости и социальных программ района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области обеспечения занятости и реализации социальных программ для населения
	011 Оплата услуг по зачислению, выплате и доставке пособий и других социальных выплат
	050 Обеспечение прав и улучшение качества жизни лиц с инвалидностью в Республике Казахстан
	054 Размещение государственных социального заказа в неправительственных организациях
466	Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района (города областного значения)
	094 Предоставление жилищных сертификатов как социальная помощь
07	Жилищно-коммунальное хозяйство
458	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)
	003 Организация сохранения государственного жилищного фонда
463	Отдел земельных отношений района (города областного значения)
	016 Изъятие земельных участков для государственных нужд
466	Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района (города областного значения)
098	Приобретение жилья коммунального жилищного фонда
458	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)
	012 Функционирование системы водоснабжения и водоотведения
458	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)
	016 Обеспечение санитарии населенных пунктов
	018 Благоустройство и озеленение населенных пунктов
08	Культура, спорт, туризм и информационное пространство
	455 Отдел культуры и развития языков района (города областного значения)
	003 Поддержка культурно-досуговой работы
	009 Обеспечение сохранности историко-культурного наследия и доступа к ним
466	Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района (города областного значения)
	011 Развитие объектов культуры
465	Отдел физической культуры и спорта района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в сфере физической культуры и спорта
	004 Капитальные расходы государственного органа
	005 Развитие массового спорта и национальных видов спорта
	006 Проведение спортивных соревнований на районном (города областного значения) уровне
	007 Подготовка и участие членов сборных команд района (города областного значения) по различным видам спорта на областных спортивных соревнованиях
455	Отдел культуры и развития языков района (города областного значения)
	006 Функционирование районных (городских) библиотек
	007 Развитие государственного языка и других языков народа Казахстана
456	Отдел внутренней политики района (города областного значения)
	002 Услуги по проведению государственной информационной политики через газеты и журналы
455	Отдел культуры и развития языков района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области развития языков и культуры
	032 Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций
456	Отдел внутренней политики района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области информации, укрепления государственности и формирования социального оптимизма граждан
	003 Реализация мероприятий в сфере молодежной политики
	032 Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций
09	Топливно-энергетический комплекс и недропользование
	458 Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)

	036 Развитие газотранспортной системы
10	Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения
	453 Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)
	099 Реализация мер по оказанию социальной поддержки специалистов
462	Отдел сельского хозяйства района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в сфере сельского хозяйства
	006 Капитальные расходы государственного органа
463	Отдел земельных отношений района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики в области регулирования земельных отношений на территории района (города областного значения)
	006 Землеустройство, проводимое при установлении границ районов, городов областного значения, районного значения, сельских округов, поселков, сел
	007 Капитальные расходы государственного органа
458	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)
	057 Содержание приютов, пунктов временного содержания для животных
11	Промышленность, архитектурная, градостроительная и строительная деятельность
	466 Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района (города областного значения)
	001 Услуги по реализации государственной политики в области строительства, улучшения архитектурного облика городов, районов и населенных пунктов области и обеспечению рационального и эффективного градостроительного освоения территории района (города областного значения)
	013 Разработка схем градостроительного развития территории района, генеральных планов городов районного (областного) значения, поселков и иных сельских населенных пунктов
	015 Капитальные расходы государственного органа
12	Транспорт и коммуникации
	458 Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)
	023 Обеспечение функционирования автомобильных дорог
	037 Субсидирование пассажирских перевозок по социально значимым городским (сельским), пригородным и внутрирайонным сообщениям
	045 Капитальный и средний ремонт автомобильных дорог районного значения и улиц населенных пунктов
13	Прочие
	452 Отдел финансов района (города областного значения)
	012 Резерв местного исполнительного органа района (города областного значения)
466	Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района (города областного значения)
	079 Развитие социальной и инженерной инфраструктуры в сельских населенных пунктах в рамках проекта «Ауыл-Ел бесігі»
14	Обслуживание долга
	452 Отдел финансов района (города областного значения)
	013 Обслуживание долга местных исполнительных органов по выплате вознаграждений и иных платежей по займам из областного бюджета
15	Трансферты
	452 Отдел финансов района (города областного значения)
	007 Бюджетные изъятия
	3. Чистое бюджетное кредитование
	Бюджетные кредиты
10	Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения
	453 Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)
	006 Бюджетные кредиты для реализации мер социальной поддержки специалистов

Функциональная группа	
Администратор бюджетных программ	
Программа	
	Погашение бюджетных кредитов

Категория	
Класс	
Подкласс	
6	Погашение бюджетных кредитов
01	Погашение бюджетных кредитов
	1 Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета

Функциональная группа	
Администратор бюджетных программ	
Программа	
	4 Сальдо по операциям с финансовыми активами:
	Приобретение финансовых активов

Категория	
Класс	
Подкласс	
7	Поступления от продажи финансовых активов государства
01	Поступления от продажи финансовых активов государства
	1 Поступления от продажи финансовых активов внутри страны

Функциональная группа	
Администратор бюджетных программ	
Программа	
	5 Дефицит (профицит) бюджета
	6 Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета

Категория	
Класс	
Подкласс	
8	Поступления займов
01	Внутренние государственные займы
	2 Договоры займа
16	Погашение займов
	452 Отдел финансов района (города областного значения)
	008 Погашение долга местного исполнительного органа перед вышестоящим бюджетом
9	Движение остатков бюджетных средств

Решение внесено в реестр государственной регистрации нормативно-правовых актов Республики Казахстан 6 февраля 2026 года за №221888.

